



Қазақстан Республикасы Гидрометеорология жөніндегі бас басқармасы орталық аппаратының құрылымы туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1995 жылғы 19 желтоқсан N 1787. Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1996.12.18. N 1550 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Гидрометеорология жөніндегі бас басқармасы орталық аппаратының құрылымы қосымшаға сәйкес, орталық аппарат қызметкерлерінің шекті саны негізінде 36 адам болып бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Гидрометеорология жөніндегі бас

басқармасына Басқарма бастығының бір орынбасарын, сондай-ақ саны 7 адам алқа ұстауға рұқсат берілсін.

3. Қазақстан Республикасы Гидрометеорология жөніндегі бас басқармасы орталық аппаратына 2 қызметтік жеңіл автомобиль лимиті белгіленсін.

4. "Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті жанындағы Гидрометеорология жөніндегі бас басқармасы орталық аппаратының құрылымы туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 9 қарашадағы N 1244 қаулысының күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасы

Премьер-Министрінің

бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 1995 жылғы

19 желтоқсандағы

N 1787 қаулысына

Қосымша

Қазақстан Республикасы Гидрометеорология жөніндегі бас

басқарма орталық аппаратының

ҚҰРЫЛЫМЫ

Басшылық

Гидрометқамту және мониторинг бөлімі

Өндірістік-техникалық бөлімі

Экономикалық бөлім

Кадр бөлімі

Жалпы бөлім

Бухгалтерлік есепке алу және есеп беру бөлімі

Халықаралық ынтымақтастық және ақпарат секторы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК